

САЯСАТ POLICY

№4, апрель, 2010



Есимханов Куат



Алигулиев Серик Карабатырович



Ахметов Даниял Кенжетаяевич



Бобров Владимир Яковлевич



Дүйсенов Дүсембай Төлеубаевич



Есимханов Сағындық Олымесекович



Желнов Михаил Анатольевич



Левченко Владимир Иванович



Макиевский Николай Михайлович



Николайчук Николай Алексеевич



Набиев Нурлан Абзалович



Темирбаев Валерий Батаевич



Оразалинов Илюбай Атагаевич



Бортник Михаил Михайлович



Келешекке - Кемел Біліммен!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫМ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ
УНИВЕРСИТЕТІ

ПГУ



AUT INVENIAM VIAM, AUT FACIAM

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫ САНЫНЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ МЕН ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫ

*Алдабергенов Қырықбай Мазанұлы - т.ғ.д., профессор (Павлодар қ., С.Торайғыров ат. ПМУ)
Мананбаев Жеңіс Исаұлы - аға оқытушысы (Павлодар қ., С.Торайғыров ат. ПМУ)*

Қазіргі Павлодар облысының территориясынан ежелгі адам тұрақтарының ізі, яғни орнының табылуының өзі бұл территорияның ертелең қоныстанғандығын байқауға болады. Облыс территориясын негізінен жергілікті тұрғындар – казактар мекендейді. XVIII ғасырдан бастап орыстардың Ертіс өзені жағалауларының далалық бөлігіне басып снуіне байланысты жергілікті емес тұрғындардың саны күрт өсті. Тұрғындар санының тез көбеюіне сондай-ақ Ресейдің орталық губерниялары мен Поволжья, Украинадан жері жоқ шаруалардың қоныс аударуы да әсер етті. Сонымен Павлодар уезі тұрғындарының саны 1883 жылы 113567 адамды, 1901 жылы – 162495 адамды құрады. Бұл дегеніміз Павлодар уезі тұрғындарының саны осы 8 жылдың ішінде келімсектердің есебінен 1,4 есеге артты деген сөз. Тұрғын казактардың саны 1883 жылы Павлодар уезі тұрғындарының 106646 адамын немесе 93,9 пайызын, 1901 жылы 146637 адамын немесе 90,2 пайызын құрады. 1896-1914 жылдары Оралдың ар жағынан Солтүстік Қазақстанның жеріне қоныс аударған орыс шаруаларының жалпы саны 1118700 адам немесе 27,2 пайыз болды. Алайда, XX ғасырдың басында тұрғындар санының осындай жылдамдықпен өсуі 1-ші дүниежүзілік

соғыстың, төңкерістер мен азамат соғысының басталып кетуіне байланысты бәсеңсіп қалды [1].

1917 жылғы саяси және тарихи оқиғалардан соң тұрғындар саны бір жағынан казактардың отырықшылыққа көшуіне байланысты, екінші жағынан орыс қоныс аударушыларының жана лектеріннің келуіне байланысты көбейді. Соның нәтижесінде 1926-1927 жылдары уезд тұрғындарының саны 294361 адамға жетсе, ал 1929 жылы Павлодар округінде 354830 адам, оның ішінде 392830 адам ауылдық жерлерде тұрды. Олардың жартысынан астамы (59,1 пайызы) казактар болды.

1930 жылдардағы Голошекин геноциді тұсында тұрғындардың 50 пайызға жуығы мерт болды. Олардың бір бөлігі облыстан тыс жерлерге кетті. Соғыс қарсаңындағы жылдары Ертіс өңіріне немістер мен поляктардың жер аударуларына карамастан тұрғындардың саны 1939 жылғы санақ тұсында 29,1 пайызға азайып, 1929 жылмен салыстырғанда 251257 адамды құрады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) табиғи өсім азайды. Оның үстіне әскерге шақырушылардың есебінен облыс тұрғындарының саны қысқарды. Соғыстың алғашқы жылдарында бұған карама-қарсы көріністер де, яғни елдің ба-

Павлодар уезі, Павлодар округы және Павлодар облысы халқының әр жылдардағы салыстырмалы саны.

Жылдар	Барлық халық (мың адам)	Соның ішінде		Халықтардың ішіндегі (пайыздық) есебі	
		Қалалық (мың адам)	Ауылдық (мың адам)	қалалық	ауылдық
1883	113,567	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ
1901	162,495	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ
1926	294,361	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ	Есеп жоқ
1929	354,83	22	332,93	6,2	93,8
1939	251,257	33,809	217,448	13,46	86,54
1940	224,5	37,1	187,4	16,5	83,5
1950	309,6	56,2	253,4	18,2	81,8
1959	455,013	131,547	323,466	28,9	71,1
1960	491,2	137	354,2	27,9	72,1
1970	697,947	339,224	358,224	48,67	51,33
1979	807,224	457,15	350,074	56,63	43,37
1980	815,9	469,3	346,6	57,5	42,5
1990	951,2	616	335,2	64,8	35,2
1991	955,9	625,3	331,6	63,3	34,7
1992	956	619,7	336,3	64,8	35,2
1993	915,7	607,2	344,5	63,8	36,2
1994	941,9	569,3	372,6	60,4	39,6
1995	912	555,7	356,3	60,9	39,1
1996	885,3	546,5	338,8	61,7	38,3
1997	865,8	540,4	325,4	62,4	37,6
1998	937,8	526,5	311,3	62,8	37,2
1999	807,4	511,9	295,5	63,4	36,6
2000	792,4	502,7	289,7	63,4	36,6
2001	776,8	494,5	282,3	63,7	36,3

тыс ауданы тұрғындарын және Солтүстік Кавказ, Қырым Поволжья халықтарын да депортациялау нәтижесінде үлкен механикалық өсу байқалды. 1941 жылдың соңында 15 мың адам орналастырылды. Ал Павлодар облысынан майданға 46 мың адам шақырылып, оның 21817-сі қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен.

Соғыстан кейінгі кезеңде депортацияланған халықтың өз отандарына қайтуларына байланысты тұрғындардың кему процесі жүреді. Облыс тұрғындарының туу мен табиғи өсу дәрежесі өте төмен болды. Он жылдың ішінде (1941-1950) тұрғындар саны онша көбеймеді. Одан кейінгі он жылда (1951-1960) тұрғындар саны жоғары табиғи өсім есебінен және елдің басқа аудандарынан тың көтеру мен жаңа өнеркәсіп құрылыстарға келушілердің есебінен жылдам көбейді.

1959 жылы облыс тұрғындарының саны 455013 адамға жетіп, оның 71 пайызы ауылдық жерлерде тұрды. Облыстың экономикалық дамуының нәтижесінде оның тұрғындарының құрамы арасында айтарлықтай өзгерістер болды. Ең бастысы 1950-1980 жылдары жалпы саны 3,3 есеге артты. Сондықтан көрсеткіштің бұл түрі бойынша республикадағы 19 облыс арасынан Павлодар облысы 13-шіден 8-ші орынға көтерілді. 1980 жылы халықтың 59 пайызын қала тұрғындары құрады. Тың совхоздар мен құрылыстарға және жаңа кәсіпорындарға басқа одақтас республикалардан көптеген басқа ұлт жұмысшыларының келуіне байланысты жергілікті халықтың саны азайып, 1959 жылы 25,6 пайызды-ақ құрады. Бірақ бұл көрсеткіш одан кейінгі жылдары біршама жақсарды. Мамандар саны да көбейіп 5 есеге дейін өсті. Тіпті, 1965-1985 жылдары олардың саны тағы да 4 есеге артты. Оны мына төмендегі кестеден айқын байқауға болады:

Жылдар	Жалпы саны (мың адам)	Облыстар арасындағы орны
1965	24,2	8
1970	38,6	7
1975	56,3	6
1980	76,2	6
1985	100,1	4,5
1987	108,9	4

[2]

Жоғарыда 1959 жылы облыс тұрғындарының саны 455013 адамға жетіп, оның 71 пайызы ауылдық жерлерде тұрды дедік. Бірақ, арада 20 жыл өткен соң, яғни 1979 жылы ауыл мен қаланың арақатынасы соңғылардың пайдасына шешіліп, 43,4 және 56,6 пайызды құрады. Қала халқының 83 пайыздан астамы облыстың – Павлодар, Екібастұз, Ақсу сияқты ірі қалаларында тұрды.

1992 жылға дейін облыс халқы табиғи және механикалық өсу есебінен көбейіп, халық саны 956,0 мың адамды құрады. 1993 жылдың басынан халық санының азаю тенденциясы байқалады. Оның бір себебі халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігінде болды. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс халықтың басқа елдерге қоныс аудару-

ына алып келді. 2001 жылдың басында Павлодар облысында 776,8 мың адам тұрды. 1992-2001 жылдары облыс халқы 179,2 мың адамға немесе 18,7 пайызға азайды.

Жалпы алғанда халықтың сандық және сапалық сипаты қоғамды қайта құру үрдістерінде маңызды рөлге ие. 1999 жылғы халық санағының көрсеткіштері бойынша Павлодар облысында тұратын 808,4 мың адамды тіркеген. Оның ішінде 512,1 мың адам қалалық, 296,3 мың адам ауылдық жерлерде тұрады. Халықтың жалпы саны екі санак аралығында (1989 жылдан 1999 жылға дейін) 133,9 мың адамға немесе 14,2 пайызға азайған. 10 жыл ішінде қала халқы 93,1 мың адамға немесе 15,4 пайызға кеміген. Жалпы облыс бойынша қала халқының үлесі 1989 жылмен салыстырғанда 64 пайыздан 63,4 пайызға дейін төмендеген.

Сондай-ақ, екі санак арасында (1989-1999 жылдар) Павлодар облысының территориясында тұратын жекелеген ұлттар халқының санына айтарлықтай өзгерістер енген. Санак казактардың 43,3 мың адамға өскенін байқатты (негізінен табиғи өсім есебінен). Бұның өзі олардың өз үлесін 28,5 пайыздан 38,7 пайызға арттыруға мүмкіндік берді (1999 жылғы халық санағының есебі бойынша 1999 жылдың басындағы көрсеткіш).

Санак нәтижесінде жергілікті ұлт тұрғындардың көп бөлігі – Баянауыл, Ертіс, Ақтоғай, Лебяжі және Май аудандарымен Павлодар, Екібастұз қалаларында тұрағындары белгілі болды. Бұл бес аудан мен екі қаланы 236 мың (немесе 75,6 пайыз) казак мекендейді екен.

Осымен қатар халық арасындағы жоғары эмиграция мен табиғи өсімнің шектелуіне байланысты орыстардың (45,4 пайыздан 41,9 пайызға), украиндықтардың (9,2 пайыздан 7,7 пайызға), немістердің (10,1 пайыздан 5,4 пайызға), сондай-ақ басқа ұлт өкілдерінің (3,4 пайыздан 3,1 пайызға) өзіндік үлесі қысқарды.

Қазақстанның европалық этикалық топтары өкілдерінің тарихи отандарына қайтуларына байланысты халықтың этникалық құрамына біраз өзгерістер енді. 1990-1998 жылдары халық санының азаюына республикадан тыс жерлерге қоныс аударушылар, әсіресе қалалық жерлерден әсер етті. Бірақ, соңғы жылдары бұл үрдістің, яғни миграцияның баяулағаны байқалады. Өйткені, 2001 жылы миграциялық салада 14,6 мың адамды құрады. Бұл 1997 жылға қарағанда 28,8 пайызға аз және 2000 жылмен салыстырғанда 18,4 пайызға кем. 1997 жыл мен 2000 жыл аралығында облыстан 120,3 мың адам (халықаралық және облысаралық миграция) қоныс аударды. Олардың 57,9 пайызы ТМД елдеріне кетті. Осы жылдары облысқа 30,3 мың адам келді. Оның 39,3 пайызы ТМД елдерінен.

Соңғы 5 жылда көші-қон аударушылардың саны азайды. Әсіресе, республикадан тыс жерлерге. Эмигранттардың саны 1997 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, 2000-шы жылмен салыстырғанда – 11,1 пайызға азайды.

1999 жылғы республикалық санақтан сон жекелеген ұлт тұрғындарының арасындағы өзгерістер

	Сан, халық, адам			Өсу шапшаңдығы, пайызы		Салыстырмалы салмағы, пайыз		
	1999 жылдың 25 ақпанына (халық санағының мәліметі бойынша)	I қаңтарға		2000 жыл 1999 жылмен салыстырғанда	2000 жыл 1999 жылмен салыстырғанда	1999 жылдың 25 ақпанына (халық санағының мәліметі бойынша)	I қаңтарға	
		2000	2001				2000	2001
Барлық халық	806983	792404	776846	98,2	98	100	100	100
Оның ішінде:								
Қазак	311862	313956	315698	100,7	100,5	38,7	39,6	40,6
Орыс	337924	329028	319302	97,4	97	41,9	41,5	41,1
Украин	62585	60536	58342	96,7	96,4	7,7	7,6	7,5
Белорус	8781	8387	8017	95,5	95,6	1,1	1,1	1
Татар	17064	16679	16329	97,7	97,9	2,1	2,1	2,1
Неміс	43835	39324	35452	89,7	90,1	5,4	5	4,6
Басқалар	24932	24494	23706	98,2	96,8	3,1	3,1	3,1

[3]

Халықтың көбеюі оның табиғи өсуімен және миграциямен анықталады. 2001 жылы облыс халқының табиғи жолмен өсуі 389 адамды құрады. Бұл 1991 жылдың көрсеткішінен 25 есе төмен. Табиғи жолмен көбею көрсеткішінің төмендеуінің ең басты себебі туудың азаюынан болып отыр. 1991 жылдан 2000 жылдар аралығында облыста туылғандардың саны 2 есеге дейін кеміп кеткен. Яғни, 17 мыңнан 8,7 мыңға дейін немесе халықтың әрбір 1000 адамына шаққандағы туылғандар 17,7-ден 11,1 пайызға дейін азайған.

2000 жылы туу деңгейі 1999 жылмен салыстырғанда 1,8 пайызға артып, орта есеппен 1000 адамға 11,1 туылғандардан келді. Ауылдық жерде де соңғы 10 жылда туу тенденциясы төмендеп жоғарыда келтірілген қалалықтардың көрсеткіштерімен теңесті (2000 жылғы 1000 адамға шаққандағы туылғандардың 11,1 көрсеткіші).

2000 жылы туудың ең жоғары деңгейі Баянауыл ауданында (14,2 пайыз) және Ақтоғай ауданында (13,3 пайыз) байқалды. Керісінше, 1999 жылмен салыстырғанда туудың неғұрлым төменгі шамасы Успенка (13,2 пайызға) және Лебяжі (12,6 пайыз) аудандарына тән болды.

2000 жылы облыс бойынша өлім-жітім 1000 тұрғынға шаққанда 10,6-дан келді. Ал қалалық жерлерде бұл көрсеткіш 11,1 пайызға жоғары. Нақты дерек бойынша өлгендер саны 1995 жылғы 10 мың адаммен салыстырғанда 8,3 мың адамды құрады. Өлімнің жоғары деңгейі Павлодар қаласында – 11,7 пайыз, Ақсу қаласында – 12,1 пайыз, Железинка (11,1 пайыз) және Қашыр (10,9 пайыз) аудандарында байқалады.

Облыс бойынша табиғи өсім 1991 жылғы 10,2 пайызбен салыстырғанда 1000 тұрғынға 0,5-тен ғана келіп, алаңдатушылық туғызады. Табиғи өсім

Халықтың көбеюінің жалпы көрсеткіші

	1940	1950	1960	1970	1980	1990	2000	2001	2002
Барлық туылғандардың саны	11395	11718	20971	16732	19197	18153	8732	8661	9113
Оның ішінде:									
Қала халқы	1759	2599	5116	7759	10538	10823	5554	5556	5921
Ауыл халқы	9536	9119	15855	8973	8659	7330	3178	3105	3192
өлгендер саны барлығы	5424	3929	3170	3641	5923	6907	8343	8383	8219
Оның ішінде:									
Қала халқы	1076	967	984	1860	3460	4507	5538	5663	5586
Ауыл халқы	4349	2962	2186	1781	2463	2400	2805	2720	2633
Оның ішінде:									
I жасқа дейін өлгендер барлығы	1906	1091	737	307	612	491	231	225	190
Оның ішінде:									
Қала халқы	352	293	225	169	300	325	153	147	126
Ауыл халқы	1154	798	512	138	312	166	78	78	64
Табиғи өсім барлығы	5971	7789	17801	13091	13274	11246	389	278	894
Оның ішінде:									
Қала халқы	784	1632	4132	5899	7078	6316	16	107	335
Ауыл халқы	5187	6157	13669	7182	6196	4930	373	385	559
Неке саны барлығы:	1614	3463	7598	7413	9557	9197	4821	4749	4948
Оның ішінде:									
Қала халқы	282	933	2420	4354	5919	6165	3069	3203	3224
Ауыл халқы	1132	2530	5178	3059	3638	3032	1752	1546	1724
Ажырасу барлығы:	345	26	168	1119	2612	2985	2014	2285	2222
Оның ішінде:									
Қала халқы	55	16	111	1040	2347	2662	1706	1858	1845
Ауыл халқы	290	10	57	79	265	323	308	432	377

[4]

Жыныска байланысты туған және өлген адам саны

Жылдар	Туғандар саны			Өлгендер саны		
	Қос жыныс	еркектер	әйелдер	Қос жыныс	еркектер	әйелдер
1939	10706	5436	5270	3864	2059	1805
1940	11395	5802	5593	5424	2764	2660
1950	11718	6088	5630	3929	2010	1919
1960	20971	10813	10158	3170	1778	1392
1970	16732	8583	8149	3641	2162	1479
1980	18830	9511	9319	5792	3297	2495
1990	18069	9169	8900	6900	3696	3204
2000	8732	4383	4349	8343	4756	3587
2001	8661	4487	4174	8383	4773	3610
2002	9113	4603	4510	8219	4657	3562

[5]

тек Баянауыл (5,7 пайыз), Ақтоғай (4,4 пайыз) аудандарында жоғары болып тұр. Павлодар, Ақсу қалалары мен Ақсу және Железинка аудандарында табиғи өсімнің көрсеткіші төмен.

Халықтың жыныстық және жас шамасының мөлшері еркек пен әйелдердің арақатынасы бірліктері арқылы анықталады. 2002 жылдың көрсеткіші бойынша еркектер үлесі 1992 жылғы 48,2 пайыздан 2001 жылы 47,6 пайызға дейін кеміп кетсе, керісінше әйелдердің саны 1992 жылғы 51,8 пайыздан 2001 жылы 52,4 пайызға дейін өскен. Жыл сайын жана туған балалардың саны жана туған қыздардың санынан басым болып келеді. Тепе-теңдік шамамен 25 жылдан соң қалпына келіп, одан соң бұл әйелдердің пайдасына шешіліп, жастары ұлғайған соң айқын сезіле бастайды. 65 жас шамасында әйелдер еркектерге карағанда екі еседей көп болады.

1998 пен 2000 жылдар аралығында балалар мен жас өспірімдердің үлесі жалпы халықтың санына шаққанда 27,6 пайыздан 26,1 пайызға азайып кетті. Керісінше пенсия жасындағы адамдардың үлесі 11,8-ден 12,5 пайызға өсті. Еңбекке жарамды адамдардың үлесі 61,4 пайызды құрайды. Бұлардың еркектерінің орташа жас мөлшері 30,3 жас, ал әйелдерінікі 33,8 жас.

Павлодар облысының территориясында 100-ден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өмір сүреді. Алайда жергілікті халық қазақтар болып табылады. Қазақтардың үлес салмағы 1939 жылы – 40,3 пайыз болса, 1959 жылы – 25,6 пайыз, 1979 жылы – 34,4 пайыз, 1979 жылы 45,9 пайыз болса, осыған сәйкес украиндықтар 1939 жылы – 2,6, 1979 жылы – 10 пайызды құрады[6].

Халықтың ұлттық құрамы жағынан облыс жерінде орналасуы әртүрлі. Қазақтар облыс территориясының барлық жерінде тұрады. Бірақ көпшілігі оңтүстіктегі мал шаруашылығымен айналысатын Май, Лебяжі, Баянауыл аудандарында шоғырланғандықтан қазақтардың 47,4-тен 74,6 пайызын құрайды. Ал орыстар мен украиндықтар жер шаруашылығы дамыған Ертіс, Железинка, Қашыр, Павлодар, Шарбақты аудандарында шоғырланған. Немістер мен поляктар облыстың шығыс аймағындағы салалық және қалалық мекендерде тұрады. Ұлт аралық қатынастар ретінде орыс тілі қолданылады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

Халықтар облыс территориясы бойынша

біркелкі орналаспаған. Бұл табиғат жағдайының айырмашылығымен, орналасу ерекшелігімен және оның кейбір бөліктерін шаруашылыққа игерумен байланысты. Халықтың орташа тығыздығы 1 шақырым² жерге 6,2 адаммен келеді. Ертістің алқабы мен Павлодар қаласының шет жақтарында 1 шаршы шақырым жерге 10-нан 17 адамға дейін келсе, ол облыстың оңтүстік батысында бұл көрсеткіш 1 шаршы шақырым жерге 0,6-0,8 адамға төмендейді.

1980 жылға дейін облыста ауыл халқының саны басым болды. Ал 2000 жылы керісінше, Павлодар облысының қалаларында тұратын халықтың саны 63,7 пайызды құрады. Ауылдық елді мекендерінің көлемі жағынан оның көлемді емес. Төңкеріске дейінгі ең алғашқы отырықшы елді мекендер Ертіс өзенін жағалай орналасқан қазақтардың станциялары мен поселкелері еді. Олар адамдардың көпшілігімен және ағаштан, кірпіштен салынған сыртқы бейнелерінің әсемдігімен ершеленеді.

Осылай патшалы Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде қазақ жерлерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған қара шекпенді қоныс аударушылардың поселкелері қазақтарды құнарлы жерлерден ығыстыра бастаған. Ал, кенес өкіметі кезінде Қазақстанның барлық аймақтарындағыдай Павлодар облысында да жана колхоз поселкелері, совхоздың қарамағындағы поселкелер (бөлімше мен фермалар), машина-трактор станциялары, теміржол станцияларының құрылыстары салынды. Бұлар бұрынғы объектілерге карағанда өндірістің қолдану маңыздылығы мен тұрмыстық қолайлығы жағынан әлдеқайда озық үлгіде болатын.

Облыста ірі теміржол құрылысының салынуына және өнеркәсіптің дамуына байланысты жана жұмысшы поселкелері өсіп шықты. Осыған орай қала халқының саны едәуір ұлғайып, 1980 жылдан бастап алдыңғы қатарға шықты. Павлодар облысының құрамында қазіргі кезде үш қала – Павлодар, Екібастұз, Ақсу; 166 округ, 8 поселке, 516 ауыл бар.

Халық санының өсуіне немесе азаюына олардың арасында түрлі жағдайларға байланысты болып жататын миграция қатты әсер етеді. Яғни, адамдардың тұратын жерін ауыструына байланысты аймақ шекарасынан әрі өтуі. Мысалы, 1991 жылы Павлодар облысына 23689 адам көшіп келсе, 2000 жылы олардың

саны 4955 адамды құрап, 4,7 есе төмендеп кеткен. Егерде, 1991 жыл көрсеткіші бойынша облыстан кеткендер мен келгендердің мөлшері нормаға сәйкес болса, 1992 жылдан бастап керісінше үрдіс алған. Сөйтіп, 2000 жылы олардың саны 15943-ке жетті.

Павлодар облысына қоныс аударған мигранттардың 60 пайыздан астамы республикамыздың басқа аудандарынан келгендер. 2000 жылы ТМД елдерінен келгендердің саны 1853 адам немесе облысқа барлық қоныс аударғандардың 37 пайызын құрады. Ал, керісінше Павлодар облысынан дүниежүзінің басқа елдеріне – 26,2 пайыз, республиканың басқа аудандарына – 3,4 пайыз бұрынғы жерлестеріміз қоныс аударды.

Еңбек ресурстары (халықтың экономикалық белсенді және белсенді емес бөлігінің қосындысы) – еңбекке жарамды адамдар (16 жастан пенсия жасына дейінгілер), жұмыс істемейтін 1 және 2 топтағы мүгідектер мен зейнеткерлерді есептегенде.

2000 жылы облыстың еңбек ресурстары 476,2 мың адамды құраған. Экономикалық белсенді халықтың үлесі 87 пайыз. Сөйтіп, 2000 жылы экономикаға 357,3 мың адам тартылып, жұмыссыздардың саны 57 мың адамға немесе 13,8 пайызға жеткен. Бұл көрсеткіш қала бойынша 280,8 мың адам болып облыс көрсеткішінің 67,8 пайызын құраған. Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық – 139,5 мың адам немесе 32,2 пайыз.

Экономикалық жұмыстың түрлері бойынша жалдамалы жұмысшылардың саны: өнеркісіпте – 40,86 пайыз; ауыл шаруашылығында – 3,36 пайыз; құрылыста – 2,77 пайыз; көлік пен байланыста – 10,5 пайыз; білімде – 18,34 пайыз; денсаулық пен әлеуметтік қызметте – 8,93 пайыз; жұмыстың басқа түрлерінде – 14,4 пайыз; барлығы -146,610 адам (шаруа қожалықтарының есебінсіз).

Бұл негізінен 2000 жылдың көрсеткіші болса, ол жаңа деректер бойынша 2006 жылдың қаңтар-ақпан айларында облыстың ірі және орта кәсіпорындарында жолдамалы жұмыс істемейтіндер саны 153 мың адамды құрап, оны 97,5 пайызды ақылы жұмыспен қамтылған.

Сондай-ақ, 2006 жылдың наурыз айында өкілетті органдарға жұмыспен қамту мәселелер бойынша (Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің мәліметтері бойынша) 1893 адам өтініш берген. Бұл дегеніміз осы жылдың өткен айымен салыстырғанда 999 адамға кем. Оның ішінде ауыл тұрғындар – 933 адам, немесе 554 адамға аз.

2006 жылдың наурыз айында 729 адам жұмысқа орналасқан. Бұл өтініш бергендердің 38,5 пайызы. Бұл жұмысқа орналасқандардың 326-сы ауыл адамдары. Осы орайда өткен жылдың наурыз айының соңында жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органдарға өтініш берген ұйымдардың жұмыскерлерге деген сұранысы 1715 адамды құраған. Бұл 2006 жылдың ақпан айымен салыстырғанда 224 адамға көп. Яғни, бір бос орынға 6 жұмыссыз адаммен келеді деген сөз.

2006 жылдың наурыз айының соңында жұмысқа

орналасу мәселесі бойынша өкілетті органдарда тіркелген жұмыссыздардың саны 10843 адамға жеткен, бұл 2006 жылдың ақпанымен салыстырғанда 128 адамға көп көрсеткіш. Сөйтіп, осы уақыт аралығында экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың санында тіркелген жұмыссыздардың үлесі 2,7 пайыз шегінде қалыптасып отыр.

2006 жылдың ақпанында облыстың ірі және орта кәсіпорындар шеңбері бойынша бір жұмыскердің орташа атаулы жолақысы 34111 теңгені құраған. Сөйтіп, 2005 жылдың ақпан айымен салыстырғанда оның өсімі 21,4 пайызды құрап, нақты жолақы көлемі 13,6 пайызға артқан. Бұл орада оның деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан 4,5 есеге артқан (7559 теңге). Сондай-ақ, бекітілген ең төменгі жолақы мөлшері де ((9200 теңге) – 3,7 есеге көбейген. Осылай аумақтық бөлікте ең көп жолақы Ақсу (37673 теңге) және Павлодар қалаларында (35636 теңге) тұрақтанған [7].

Қорытындылай келгенде Павлодар облысы халқының саны үстіміздегі жылдың 1 наурызындағы көрсеткіш бойынша 743,2 мың адам болған.

2006 жылдың қаңтар-ақпан айларында туған балалар саны 2005 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,5 пайызға азайып, ал қайтыс болған адамдар саны былтыр 1,6 мың болса, биылғы жылы 9 пайызға азайып, 1,5 адамды құраған. Осының нәтижесінде облыс бойынша халықтық табиғи өсімі 131 адамға жеткен (қалаларда 114 адам, ауылдарда – 17 адам).

Облыстағы қалыптасқан некелік-отбасылық жағдай некенің 3,3 пайызға өсуімен және ажырасу санының 3,5 пайызға азаюымен сипатталады. 2006 жылдың қаңтар-ақпан айларында барлығы 656 неке кию және 327 ажырасу фактысы тіркелді.

2006 жылдың қаңтар-ақпан айларында облыстан республикадан тыс аймақтарға 269 адам қоныс аударса оның 210-ы ТМД елдеріне, 59-ы ТМД-дан тыс елдерге (2005 жылдың қаңтар-ақпан айларында – 613 адам қоныс аударған, оның ішінде ТМД елдеріне – 300, ТМД-дан тыс елдерге 313 адам) көшкен.

2006 жылдың қаңтар-ақпан айларында ТМД елдерінен келгендердің саны 1,8 есеге артып, 475 адамды құраған. ТМД-дан тыс елдерден қоныс аударғандар саны 4,1 есеге артып, 303 адамға жеткен [8].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Павлодар облысының 1965-1987 жылдардағы статистикалық деректері.
2. 1999 жылғы республикалық санақтың көрсеткіштері.
3. Павлодар облысының 1940-2002 жылдардағы статистикалық деректері.
4. Павлодар облысының әр жылдардағы статистикалық деректері.
5. Павлодарской области 65 лет. – Павлодар. 2003, 192 с. (17).
6. «Сарыарқа самалы» газеті. 4 мамыр, 2006 жыл.
7. Сонда.
8. Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Павлодар. 2003. 662с. (45).